Келісемін
Мұнайлы ауданның білім бөлімінің басшысы
_____ Б.Демократұлы
«___» _____ 2023ж

Бекітемін
«№4 жалпы білім беретін мектеп» КММ директоры
_____ Д.Кулмеханова
«___» _____ 2023ж

«МҰНАЙЛЫ АУДАНДЫҚ БІЛІМ БӨЛІМІ»
МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ
« №4 ЖАЛПЫ БІЛІМ БЕРЕТІН МЕКТЕП»
КОММУНАЛДЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІНІҢ

2023 – 2024 ОҚУ ЖЫЛЫНДАҒЫ

ТИПТІК ОҚУ ЖОСПАРЫ

2023-2024 оқу жылында «№4 жалпы білім беру орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесіндегі қосымша сағаттар туралы түсінік хат

Оқу процесін ұйымдастыру кезінде «2023-2024 оқу жылында Қазақстан Республикасының орта білім беру ұйымдарында оқу-тәрбие процесін ұйымдастырудың ерекшеліктері туралы» әдістемелік-нұсқау хаты басшылыққа алынды.

Оқу жоспары Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен бекітілген «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы», Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығымен бекітілген «Қазақстан Республикасындағы бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы»(2022 жылы 30 қыркүйек №412, 2023 жылы 18 тамыз №264 бұйрықпен өзгерістер мен толықтырулар енгізілген); «Жалпы білім беру ұйымдарына арналған жалпы білім беретін пәндер, таңдау курстары мен факультативтер бойынша үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» ҚР Оқу-ағарту министрінің 16.09.2022ж. №399 бұйрығы 21.11.2022 ж. № 467, 05.07.2023 ж. № 199 бұйрығымен енгізілген өзгерістерімен; Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 3 сәуірдегі № 115 бұйрығымен бекітілген «Негізгі орта білім берудің жалпы білім беретін пәндерінің үлгілік оқу бағдарламалары» (2014 жылғы 15 шілдедегі № 281 бұйрықпен «Зайырлылық және дінтану негіздері» пәні бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізілген); Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 3 сәуірдегі № 115 бұйрығымен бекітілген «Жалпы білім беретін пәндері бойынша негізгі орта білім берудің үлгілік оқу бағдарламалары» (2020 жылғы 21 сәуірдегі №154 «Алғашқы әскери және технологиялық дайындық» пәні бойынша енгізілген өзгерістермен» сәйкес құрастырылған.

Жалпы оқу жүктемесінің жоспары «ҚР орта білім берудің бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім беру оқу жоспарын бекіту туралы» ҚР БҒМ 08.11.2012 жылғы № 500 бұйрығы, ҚР Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 3 сәуірдегі №115 бұйрығымен бекітілген «Жалпы білім беру ұйымдарына арналған жалпы білім беретін пәндердің, таңдау курстарының және факультативтердің үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» бұйрығы негізінде жасалған.

Оқытудың бастауыш сатысы

2023-2024 оқу жылындағы 1-4 сыныптардың типтік оқу жоспары Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығына 11-қосымша, Қазақстан Республикасы Оқу – ағарту министрінің 18.08.2023 ж №264 бұйрығы 6-қосымша негізге алынды.

1-2 сыныптарда «Көркем еңбек» кіріктірілген пәнінің орнына «Еңбекке баулу» мен «Бейнелеу өнері» пәндерін жеке оқыту қарастырылды. 3-4 сыныптарда «Көркем еңбек» кіріктірілген пән ретінде оқытылады.

Бастауыш білім беру деңгейінде тілдерді кезең кезеңімен оқыту шеңберінде 2 сыныптан «Орыс тілі» пәнін оқыту басталды. Жаратылыстану пәнінің оқу жүктемесі 3-4 сыныптарда 1 сағатқа көбейді.

Оқу жүктемесінің вариативтік компонент есебінен таңдау пәндері оқытылады. 1-сыныптарда «Қызықты грамматика», 2-сыныптарда «Қызықты грамматика» -1 сағат, домбыра тарту бойынша «Домбыра-дастан» -1 сағат оқытылады.

Дене шынықтыру спорттық ойындардан 1-2 сыныптарда «Алтын сақа», «Бес тас», «Тоғызқұмалақ», 3-4 сыныптарда «Шахмат», «Дойбы», «Бестемше» үйірмелері алынды.

Оқытудың негізгі сатысы

Төмендетілген оқу жүктемесімен Үлгілік оқу жоспарын таңдауға байланысты инвариантты компоненттегі таңдау пәндерінің комбинациясы (7-9-сыныптар) жасақталды. Пәндер комбинациясында 2 пәннің атауы көрсетілген, үшінші пән – таңдау бойынша пән (әрқайсысы 1 сағаттан), яғни 7-9 сыныптарда вариативті компоненттен тағы 1 сағат алуға мүмкіндік берілген. Осыған орай 7-9 сыныптарда пәндер комбинациясы құрылып, оқу жоспары кестесінде көрсетілді.

Оқушы компонентінен кәсіп алды дайындық пен жеке дамуға бағытталған «Жаһандық құзыреттер» курсы жүргізілуде.

Жаһандық құзыреттер жаһанданудың қарқынмен дамып келе жатқан ықпалына, жедел әлеуметтік, экономикалық және технологиялық өзгерістерге, сондай-ақ адамдарға, мәдениет пен ұлттарға жаппай әсер ететін басқа да маңызды жаһандық мәселелерге байланысты ерекше мәнге ие болады.

«Жаһандық құзыреттер» курсы бойынша 5- сыныптарға - 0,5 сағат (екі аптада бір рет), 6- сыныптарға - 0,5 сағат (екі аптада бір рет), 7- сыныптарға - 0,5 сағат (екі аптада бір рет), 8- сыныптарға - 0,5 сағат (екі аптада бір рет), 9 – сыныптарға - 1 сағат бөлінді.

Курс бес бірлікті қамтиды: «Парасаттылық және этика», «Азаматтық және патриотизм», «Медиасауаттылық және қаржылық сауаттылық», «Тіршілік қауіпсіздігі», «Экологиялық мәдениет», 9-сыныпта «Зайырлылық және дінтану» юниті.

Оқытудың жоғарғы сатысы

Білім беру кеңістігінде бәсекелестік бағытты қалыптастыруға арналған, Қазақстан Республикасының білім беру реформасының аспектілерінің бірі жалпы орта білім деңгейінде кәсіптік білім беру. Жалпы орта білім беру деңгейінде оқушыларға жекелеу жүйесі ретінде кәсіби білім беру жолдары қарастырылады. Осыған орай жоғарғы сынып оқушылары екі бағытта оқытылады: қоғамдық - гуманитарлық және жаратылыстану-математикалық

бағыт. Осы бағытты таңдауда мектеп ата-аналар мен оқушылардың сұранысын есепке алады.

Мектептің вариативтік компонентінен «Жаһандық құзыреттіліктер» бойынша 10-сыныптарға -1 сағат, 11-сыныптарға 1 сағаттан бөлінді.

10-11 сыныптарда оқушылардың танымдық деңгейін кеңейту мақсатында элективті курстан «Туризм географиясына» 3 сағат, «Тіл мәдениетіне» 1 сағат, «Әлемдік мұражайлар, өркениеттер тарихына» 1 сағат, «Қазақ қолөнерінің мәдени-тарихи негіздеріне» 1 сағат берілді.

Инвариантық компоненттен таңдау пәндері бойынша 10- сыныптарға математикаға 1 сағат, қазақ тіліне – 3 сағат, физикаға 2 сағат, тарихқа 2 сағат, информатикаға 2 сағат, орыс тілінен 4 сағат, ағылшын тіліне 1сағат; 11- сыныптарда биологияға 3 сағат, орыс тіліне 3 сағат, химияға 2 сағат, алгебраға - 2 сағат, физикаға – 2 сағат, география пәніне 2 сағат, тарихқа 1 сағат бөлінді.

Осы аталған курстар жоғарғы сынып оқушыларының шығармашылық қасиеттерін, іздемпаздық мәдениеті мен сараптама жүргізу қабілеттерін дамытуға негіз болады.

Мектеп директоры **Д.Құлмеханова**